

«Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті» КеАҚ  
Журналистика факультетінің «Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік  
өнер» кафедрасы мен «Көркем» баспасы» ЖШС  
арасындағы әрекеттестік жөніндегі

### келісімшарт

Алматы қаласы

20 қаңтар 2023 ж.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының, (бұдан әрі «Университет») – атынан Жарғының негізінде әрекет ететін, Журналистика факультетінің деканы Нұржан Қуантайұлы бір тараптан және «Көркем» баспасы» ЖШС – бұдан әрі «ЖШС» Жарғы негізінде әрекет ететін директор Серікбай Бейсенбек Фуатұлы екінші тараптан, (бұдан әрі «Тараптар») төмендегідей келісімшарт жасасты:

#### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР:

«Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті» КеАҚ «Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер» кафедрасының (бұдан әрі «Кафедра») білім беру жүйесіне сәйкес Тараптар ЖШС «Көркем» баспасы базасында оқу-тәжірибелік, ғылыми зерттеу және шығармашылық мақсатта бірлесіп әрекет етуге келісті.

Кафедраның мақсаты – «Баспа ісі», «Дизайн», «Медиадизайн», «Баспа менеджменті және типографика» мамандықтары бойынша білім алушылардың, ізденушілердің кәсіби біліктілігін өндірістік тәжірибе негізінде жетілдіру, оқу үдерісінің тәжірибелік бағытын күшейту, сондай-ақ бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, олардың нәтижелерін өндіріске енгізу.

ЖШС өзінің өндірістік қажеттілігіне қажетті мамандарды дайындау үшін Кафедраға ұсыныс енгізуге және білім алушылардың арасынан білікті кадрларды байқау негізінде тандап алуға мүдделі.

ЖШС Кафедраға қажетті шығармашылық және оқу-тәжірибелік жұмыстарды қамтамасыз етуге қажетті материалдық-техникалық базаны кафедрамен келісе отырып өзі жасақтайды және жетілдіріп отырады.

#### 2. ЖШС МІНДЕТТЕРІ

2.1. Кафедраның тәжірибе жинақтаушыларына қажетті жағдайлар жасау:

а) жалдау ақысын алмай оқу-тәжірибелік жұмыстарын жүргізу үшін арнайы орын бөлу және оны жабдықтау;

ә) оқу-тәжірибелік жұмыстар жүргізу үшін тиісті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету;



б) тәжірибе жинақтаушыларға қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету;

в) бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік жасау және оның нәтижелерін өндіріске енгізу;

г) «Баспа ісі», «Дизайн», «Медиадизайн», «Баспа менеджменті және типографика» мамандықтары бойынша бакалавриат, магистратурада тәжірибенің барлық түрлерін жүргізу мақсатында ұзақ мерзімді қосымша келісімшарттар жасасу.

2.2. Оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін тәжірибе жинақтаушыларға қажетті ЖШС білікті қызметкерлерімен қамтамасыз ету.

2.3. Студенттердің курстық, дипломдық жұмыстарының (жобаларының), магистранттар диссертацияларының және кафедра ОПҚ-ның ғылыми-зерттеулерінің тақырыптарын бекітуге, жүзеге асыруға қажеттілігі мен мүмкіндіктеріне орай ЖШС өкілдерін қатыстыру.

2.4. Кафедра оқытушыларының тағылымдамадан өтулеріне жағдайлар жасау.

### **3. УНИВЕРСИТЕТТІҢ МІНДЕТТЕРІ**

3.1. Кафедра ЖШС базасында мыналарды жоспарлауы керек:

- 6В02101-Баспа ісі, 6В02102-Дизайн, 6В02103-Медиадизайн, 7М02103-Баспа менеджменті және типографика, 7М02104-Медиадизайн, 7М02102-Дизайн пәндері бойынша зертханалық-тәжірибелік сабақтар;

- студенттердің өндірістік (диплом алдындағы) тәжірибесі;
- курстық жобалар және диплом жобалары (жұмыстары);
- ғылыми зерттеулер жүргізу және олардың нәтижелерін өндіріске ұсыну, енгізу.

3.2. Кафедра ОПҚ арасынан ЖШС ортақ жұмыстар үшін жоғары білікті қызметкерлермен қамтамасыз ету.

3.3. ЖШС қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, курстық, дипломдық жұмыстар (жобалар) тақырыбын келісу.

3.4. Келісімшарт негізінде ЖШС өтінімдері бойынша мамандарды мақсатты түрде даярлауды жүргізу. ЖШС қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға атсалысу.

3.5. ЖШС қызметкерлері арасынан ізденушілердің ғылыми жетекшілігін қамтамасыз ету.

### **4. КЕЛІСІМШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ТАЛАПТАРЫ**

4.1. Келісімшарт екі тарап та қол қойған сәттен бастап күшіне енеді. Тараптар 5 жыл бойы әрекет етеді. Келісімшарт оны жасасуға қатысатын тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы немесе тоқтатылуы мүмкін.



Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде және келісімшартқа қосымша түрінде жасалады.

Келісімшарттың қабылданған міндеттемесін тараптардың бірі бұзған кезде екінші тарап қарсы жақты 10 күн ішінде жазбаша түрде хабардар ете отырып келісімшартты бұзуға құқығы бар.

4.2. Туындаған даулар тараптар арасындағы келісім жолымен шешіледі, ал келісім болмаған жағдайда – қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен жүзеге асады.

4.3. Келісімшарт тең құқықтық күші бар 2 дана болып жасалды; біреуі университетте, екіншісі ұйымда сақталады.

ТОО «Көркем» баспасы»  
РНН 600700237080 БИН 011240005725  
ИИК KZ059261802118539000  
БИК KZKOKZKX  
Кбе 17  
Алматы қ.  
Индекс 050052.  
Мекен-жайы: Алматы қ.,  
Таугұл ы/а(Мамыр п.), 12 үй, 44 п.

«Көркем» баспасы» ЖСШ  
директоры

  
Б.Ф.Серікбай



«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ»  
КеАҚ,  
БИК HSBKCKZX  
КБЕ 16 ИИК  
KZ156010131000194743(KZT),  
«АО «Народный банк Казахстана»  
АҚ Алматы қ.  
Индекс 050040.  
Мекен-жайы: Алматы қ.,  
әл-Фараби даңғылы, 71,

Журналистика факультетінің деканы

  
Н.К.Қуанғасев

